

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2020-2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 107-15 қаулысы.
Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 қаңтарда № 1304 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 мамырда "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған) сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2020-2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) жергілікті бюджет қаражаты есебінен "360 057 015 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі болып белгіленсін.

3. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

2021 жылғы 8 қаңтардағы

№ 107-15 қаулысына

қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2020-2024 оқу жылдарына арналған мамандықтар бөлінісінде мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі

№ Р/ с	ЖОО атауы	Мамандықтың коды	Мамандық	Жоғары білім бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысының саны
1	2	3	4	5
Жоғары білім				
1.	"Астана халықаралық университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	6B01201	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	1
2.		6B01301	Педагогика және бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі	7
3.		6B01702	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерін даярлау	53
4.		6B01506	Математика пәні мұғалімдерін даярлау	28
5.		6B01701	Шет тілі пәні мұғалімдерін даярлау	263
6.		6B01501	Информатика пәні мұғалімдерін даярлау	14
7.		6B01101	Педагогика және психология	7
8.		6B01505	Физика пәні мұғалімдерін даярлау	7
9.		6B01503	Химия пәні мұғалімдерін даярлау	31
10.		6B01502	Биология пәні мұғалімдерін даярлау	25
11.		6B01504	География пәні мұғалімдерін даярлау	6

12		6B01601	Гуманитарлық пәндерге мұғалімдерді даярлау	3
		Жиыны:		445
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім				
13	"Астана халықаралық университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	7M06101	Ақпараттық технологиялар	7
		7M06102		
		7M06103		
14		7M01701	Шет тілі пәні мұғалімдерін даярлау	11
		Жиыны:		18
Жиыны: 463				
Жоғары білім				
15	"Нұр-Мұбарак" "Египет ислам мәдениеті университеті" жеке мекемесі	6B02201	Исламтану	2
16		6B02202	Дінтану	1
17		6B02203	Теология	10
		Жиыны:		13
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім				
18	"Нұр-Мұбарак" "Египет ислам мәдениеті университеті" жеке мекемесі	7M02201	Исламтану (магистратура)	2
		Жиыны:		2
Жиыны: 15				
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім				
19		7R11020	Отбасылық медицина	25
20		7R09120	Педиатрия	5
21		7R09102	Акушерия және гинекология, соның ішінде балалар гинекологиясы	25
22		7R09101	Анестезиология және реаниматология, соның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы	27
23		7R09108	Жұқпалы аурулар, соның ішінде балалар жұқпалы аурулары	25
24		7R09113	Неврология, соның ішінде балалар неврологиясы	14
25		7R09104	Гастроэнтерология, соның ішінде балалар гастроэнтерологиясы	8
26		7R09128	Травматология-ортопедия, соның ішінде балалар травматология-ортопедиясы	4

27	"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7R09109	Кардиология, соның ішінде балалар кардиологиясы	5
28		7R09111	Радияциялық диагностика	6
29		7R09133	Эндокринология, соның ішінде балалар эндокринологиясы	9
30		7R09115	Нефрология, соның ішінде балалар нефрологиясы	6
31		7R09112	Сәулелік терапия	1
32		7R09123	Ревматология, соның ішінде балалар ревматологиясы	15
33		7R09122	Пульмонология, соның ішінде балалар пульмонологиясы	29
34		7R09119	Офтальмология, соның ішінде балалар офтальмологиясы	19
35		7R09118	Оториноларингология, соның ішінде балалар оториноларингологиясы	19
36		7R09114	Неонатология	8
37		7R09139	Жедел кезек күттірмейтін медициналық көмек	3
38		7R09130	Дене медицинасы және оңалту	22
39		7R09121	Психиатрия, соның ішінде балалар психиатриясы	12
Жиыны:			287	
Жиыны: 765				